ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ
«АЙКОМ Ltd.»
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

130000, Мангистауская область, г.Актау, 30 мкр, 169 дом, 58 офис, ИИК KZ949650000072192117, БИН 030440007501
АО «ForteBank» БИК IRTYKZKA, РНН 430100222469, тел/факс: 8 (7292) 40-00-70, 40-01-00, e-mail: aykomltd@mail.ru

№ 407
«19» 07 2018 г.

г.Актау

Қазақстан Республикасы
Қаржы Министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит
Комитетінің төрағасы
А.Қ. Ахметовке

Маңғыстау облысы
бойынша
ішкі мемлекеттік аудит
Департаментінің басшысы
С.Ж.Қасымовқа

Ұйымдастырушы: **"Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-сі**
Ақтау қ-сы, 14 ш/а, облыс әкімдігінің ғ-ты, БСН: 170640007923, ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті РММ-сі
ЖСК: KZ20070102KSN4301000
БСК: KKMFKZ2A, тел: 8(7292)310513

"АЙКОМ Ltd." ЖШС-гі
Ақтау қ-сы, 19 ш/а, 2 үй,4 офис
БСН 030440007501, БСК IRTYKZKA
ЖСК KZ949650000072192117
"ForteBank" АҚ тел.: 8(7292)301103

ШАҒЫМ

(мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының шешімдеріне қатысты)

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-мен конкурс тәсілімен төмендегі сатып алулар өткізілген болатын.

СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА КАЧЕСТВА СТ РК ИСО 9001 сертифицирована ТОО «Центр сертификации «Национальный стандарт» www.serts.kz
СИСТЕМА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО МЕНЕДЖМЕНТА СТ РК ИСО 14001 сертифицирована ТОО «Центр сертификации «Национальный стандарт» www.serts.kz
СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И ЗДОРОВЬЯ СТ РК OHSAS 18001 сертифицирована ТОО «Центр сертификации «Национальный стандарт» www.serts.kz

18.07.2018 жылғы төменде көрсетілген конкурс қорытындылары туралы хатттамаларына сай, конкурстық комиссия мүшелерінің шешімімен

№ 2656675-ОК1 «Ақтау қаласының 19 шағынауданындағы инженерлік инфрақұрылым құрылысы. Электрмен жабдықтау бөлімі»;

№ 2656720-ОК1 «Ақтау қаласының 18А шағынауданындағы инженерлік инженерлік инфрақұрылым құрылысы. Электрмен жабдықтау бөлімі»;

№ 2657246-ОК1 «Ақтау қаласының 18 шағынауданында ішкі шағынаудандық инженерлік инженерлік желілер құрылысы (электрмен жабдықтау)»

19.07.2018 жылғы **№ 2654839-ОК1** «Ақтау қаласының 16 шағын ауданында инженерлік желілердің құрылысы (электрмен қамту)» "АЙКОМ Ltd." ЖШС-гін **конкурстық құжаттама талаптары мен біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне, яғни банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуде бірыңғай ұйымдастырушының деректемелері дұрыс көрсетілмеген** *(непредставление обеспечения заявки на участие в конкурсе в соответствии с требованиями конкурсной документации и настоящих Правил (реквизиты указаны не верно))* деген уәжбен конкурсқа жібермеген.

Конкурстық комиссияның мұндай шешімдерімен толықтай келіспей келесідей жауап береіз.

Бекітілген конкурстық құжаттамаларда **өтінімді қамтамасыз ету үшін мына банктік деректемелерге** *(ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті РММ-сі, ЖСК: KZ3500702057182751001, БСК: KKMFKZ2A,* ***Кбе 11,*** *БСН: 170640007923)* енгізетіні көрсетілген.

Алайда, Біздің ұсынған банктік кепілдіктерде өтінімді қамтамасыз етуде *(ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті РММ-сі, ЖСК: KZ3500702057182751001, БСК: KKMFKZ2A, БСН: 170640007923)* мынадай банктік деректемелер көрсетілген, бұл орайда тек **Кбе 11 бенефициардың коды** көрсетілмеген.

Негізі конкурстық комиссия мүшелері алдын-ала рұқсат беру хаттамасында банктік кепілдікте бірыңғай ұйымдастырушының банктік деректемелері дұрыс емес деген негіздермен қысқаша айтып, нақты **КБе - бенефициардың коды** көрсетілмеген деп, жазуы қажет болатын, себебі Заңның 27-ші бабының 3-ші тармағында көзделген талаптарды орындамай, конкурсқа қатысуға алдын ала жіберу хаттамаларында конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін **қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі сипатталуын,** оның ішінде оның біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтінін растайтын мәліметтер мен құжаттарды көрсетпеген.

Сонымен қатар, барлық бекітілген конкурстық құжаттаманың 3-ші тармағында:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінім мен қоса тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу

үшін бөлінген соманың бір пайызы мөлшерінде конкурсқа қатысу өтінімді қамтамасыз етуді төменде келтірілген нысандардың бірінде енгізеді:

1) кепілдік берілген ақшалай жарна, ұйымдастырушының мынадай банктік шотында орналастырылатын ақша "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі БСН: 170640007923, "ҚР ҚМ Қазынашылық Комитеті", РМК-ны ЖСК: KZ350705027182751001, БСК: KKMFKZ2A, Есепшот валютасы: KZT

2) осы ҚҚ-ға 8-қосымшаға сәйкес оның электрондық көшірмесі не электрондық құжат нысанында мемлекеттік сатып алу веб-порталына (бұдан әрі веб-портал) орналастырыла отырып, қағазтасығышта банктік кепілдік ретінде енгізеті айтылған.

Бұл жерде, Кбе 11 бенефициардың коды жазылмаған.

Сондай-ақ, Қағиданың 144-ші тармағында және бекітілген конкурстық құжаттаманың 38-ші тармағында:

1) банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі жеткіліксіз болған;

2) Конкурстық комиссияға:

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді берген тұлғаны;

оған қатысу үшін банктік кепілдік түрінде конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін конкурстың атауы мен нөмірі;

банктік кепілдік түрінде ұсынылған конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімін және (немесе) сомасын, сондай-ақ оны беру шарттарын;

конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету берілген тұлғаны;

пайдасына конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету енгізілетін тұлғаны анықтауға мүмкіндік беретін мәліметтердің жоқтығынан көрінетін конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз ету тиісінше ресімделмеген;

3) Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді конкурсқа бөлінген соманың бір пайызынан кем мөлшерде енгізген жағдайларда енгізілген конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ҚҚ-ның талаптарына сәйкес емес деп таниды.

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қамтамасыз етудің тиындармен есептелген сомасы дөңгелектенеді. Бұл ретте елу тиыннан төмен сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал елу тиынға тең және одан жоғары сома бір теңгеге дейін дөңгелектенеді.

Өзге негіздер бойынша енгізілген электрондық конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ҚҚ-ның талаптарына сәйкес емес деп тануға жол берілмейтіні көрсетілген.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 203 қаулысымен бекітілген «Экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану қағидаларының» 3-ші тармағында, экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі **төлем құжаттарында, қолма-қол ақшаны қабылдау және беруге арналған кассалық құжаттарда, электрондық терминал арқылы қолма-қол ақшаны енгізу арқылы банк шотын**

ашпай, төлемдерді және ақша аударымын жүзеге асырған кезде ақша жөнелтішуге берілетін чектерде, банкоматтар не өзге де электрондық терминалдар арқылы салық немесе бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді жүргізген кезде төлем карточкаларын ұстаушыларға берілетін сауда чектерінде (бұдан әрі – төлем құжаттары) пайдаланылады.

Ал, аталған қағиданың 4-ші тармағында, Қағидаларда белгіленген экономика секторларының және төлемдер белгілеу кодтарын қолдану тәртібі:

1) қағаз тасымалдағышта төлем құжаттарын ресімдеген кезде және төлемдерді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырған кезде электрондық құжаттармен алмасу кезінде;

2) ел ішінде жүргізілетін, шет елге жөнелтілетін Қазақстан Республикасының аумағында бастамашылық ететін банк ішіндегі және банкаралық төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарды жүзеге асырған кезде қолданылады.

Қағиданың 5-ші тармағында, төлемдердің кодын қою жүйесі төдемдер және (немесе) ақша аударымдары ағынының айқындылығын және талдауын қамтамасыз ету үшін пайдаланылатыны айтылған.

Осыған қарамастан, конкурстық комиссия мүшелері жоғарда аталған заң нормаларының талаптарын өрескел бұзып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп негізсіз конкурсқа қатысуға жібермеген.

Сонымен қоса, жоғарыда аталған конкурстардың барлығы да Электрмен жабдықтау құрылысы болып табылса да, конкурстық комиссия мүшелерімен № 2656675-ОК1 конкурсы бойынша **4 жыл**, № 2656720-ОК1 конкурсы бойынша **8 жыл**, № 2657246-ОК1 конкурсы бойынша **4 жыл, №** 2654839-ОК1 конкурсы бойынша **7 жыл** берілген.

Алайда, «Айком Ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі электрмен жабдықтау және инженерлік желілер құрылысы саласында 2009 жылдан бері, яғни **9 жыл** жұмыс тәжірибесі бар екендігі туралы конкурстық құжаттамада көрсетіліп, дәлелдеме ретінде жүргізілген құрылыстардың **мемлекеттік қабылдау актілері, орындалған жұмыстардың актілері (2,3-нысан) және мемлекеттік сараптамадан өткізілген қорытындылары** салынған болатын.

Сондай-ақ, айта кететін мән-жәй, осы көрсетілген конкурстардың барлығында «Айком Ltd» ЖШС-гі ең төменгі баға беріліп, мемлекетке қыруар қаржы үнемделген болар еді.

Бұл орайда, аталған конкурс бойынша Заңның 4-ші бабында көзделген мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер бермеу, әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік қалыптаспаған.

Айтылғандырдың негізінде және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47,48-ші баптарын басшылыққа ала отырып,

СҰРАЙМЫН:

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы "Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-мен өткізілген-

№ 2656675-ОК1 «Ақтау қаласының 19 шағынауданындағы инженерлік инфрақұрылым құрылысы. Электрмен жабдықтау бөлімі»;

№ 2656720-ОК1 «Ақтау қаласының 18А шағынауданындағы инженерлік инженерлік инфрақұрылым құрылысы. Электрмен жабдықтау бөлімі»;

№ 2657246-ОК1 «Ақтау қаласының 18 шағынауданында ішкі шағынаудандық инженерлік инженерлік желілер құрылысы (электрмен жабдықтау)»;

№ 2654839-ОК1 «Ақтау қаласының 16 шағын ауданында инженерлік желілердің құрылысы (электрмен қамту)» мемлекеттік сатып алулары бойынша, қорытынды хаттамаларын заңсыз деп танып, қайта қарауды.

Директор **А. Жәдігеров**

Республика Казахстан Мангистауская область город Актау Товарищество с ограниченной ответственностью АЙКОМ Ltd Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Маңғыстау облысы Ақтау қаласы Қазақстан Республикасы